Бақыт - достықта, ырыс - ынтымақта!

Нұрлы жол

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№33 (3298), сәрсенбі, 23 апрель, 2025 жыл

ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІН ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЖОСПАРЛАРЫ ҚАРАЛДЫ

Президент Шавкат Мирзияев химия өнеркәсібіндегі жобалардың жүзеге асырылу барысымен және саланы әртараптандыру жоспарларының тұсаукесерімен танысты.

Жүргізілген реформалардың нәтижесінде секторға базар қағидаттары енгізіліп, инвестицияға кең жол ашылды. Өндіріс тізбегін кеңейту үшін Науаи, Фергана, Қоныратта 3 химиялық кластер, Шыршық пен Жызақта 2 технопарк құрылды. Қоқан суперфосфат зауыты толықтай жаңартылды.

Соңғы бес жылда 23 жаңа кәсіпорын ашылып, 4 мыңнан астам жұмыс орны жаратылды. Өнеркәсіпке халықаралық брендтер еніп, шағын тоннаждық өнімдерді шығару жолға қойылды. Соның нәтижесінде химия өнеркәсібіндегі өндіріс 1,5 есеге өсті.

Тұсаукесерде жауаптылар биылғы жұмыстар мен жоспарлар туралы есеп берді.

Атап өтілгендей, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында салада 181 миллион доллар инвестиция игеріліп, қуны 39 миллион доллар болатын 3 жоба іске қосылды.

Енді екінші тоқсанда 170 миллион доллар шетелдік инвестицияны игеру есебінен "жасыл" сутегі және цианид тұзын өндіретін кәсіпорындарды іске қосу жоспарлануда.

Цифрландыру үдерісі жалғасады және саланың серіктес салалармен интеграциясы кеңейтіледі. Химия зауыттарының бірыңғай қазынашылық жүйесінде қосымша модульдер ашылады. Кәсіпорындардың 15 экономикалық көрсеткішін айқындайтын "Бірыңғай цифрлық платформа" пысықталады.

Тағы бір маңызды міндет — энергия тиімділігі. Энергияны үнемдеу және өндірістік қуаттарды пайдалану деңгейін арттыру есебінен шығындарды азайту қажеттігі тілге тиек етілді.

Салада пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер көп екені айтылды. Қарқынды дамып келе жатқан ішкі базар өнімге сұраныс артып келеді. Әлемдік базардағы тұрақсыз жағдайлар да жаңа міндеттер қойып отыр.

Сондықтан саланы құрылымдық түрлендіру, оны жергіліктендіру және қосымша құнды арттыру іс-шаралары талқыланды.

Жауаптыларға қазіргі талаптар мен болашақ экономикалық болжамдар негізінде химия өнеркәсібін дамытудың жаңа бағдарламасын әзірлеу тапсырылды. Осы орайда жаңа бағыттарды игеру арқылы саланы әртараптандыру және қосылған құны жоғары өнім шығаруға баса назар аудару қажет екені айтылды.

ӨзА

ЭЛЕКТРОТЕХНИКА САЛАСЫНДАҒЫ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕР КӨРСЕТІЛДІ

Президент Шавкат Мирзияев 22 апрель күні электр энергетикасы саласында ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы тұсаукесермен танысты.

Бұл сала еліміз индустриясының драйверлерінің бірі. Соңғы жеті жылда экспорт көлемі 7 есе өсіп, географиясы 63 елге жетті. Қазір бұл салада 500-ге жуық кәсіпорын бар, оларда 27 мыңнан астам отандасымыз еңбек етуде.

Осы әлеуетті арттыру мақсатында үстіміздегі жылдың 22 январында Өзбекстан Республикасы Президентінің "Электротехника саласын дамытуды жаңа басқышқа шығару бойынша қосымша іс-шаралар туралы" қаулысы қабылданды. Оған сәйкес қосылған құны жоғары өнім өндіруді ынталандыру, инвестиция мен шетелдік брендтерді тарту, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды дамыту шаралары жүргізілуде.

Биылдың бірінші тоқсанында салада өндірілген өнім көлемі 7 триллион сумнан асты. 310 миллион долларға жуық өнім экспортталып, 1,3 есе өскен.

Осы кезеңде 55 миллион доллар инвестиция игерілді. Оның 48 миллион доллары тікелей шетелдік инвестициялар мен несиелер болды.

Шетелдік брендтермен танымал өнім шығару үшін жалпы құны 900 миллион долларды құрайтын жобалар қалыптасты. Қазіргі уақытта техникалық үдерістерді үйлестіру және қажетті технологияларды орнату жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, тұсаукесерде екінші тоқсан мен жыл соңына арналған негізгі жоспарлар да айтылды.

Биыл өндіріс көлемін 43 триллион сумға жеткізіп, 5 триллион сумға жуық өнімді жергіліктендіру жоспарлануда. Жалпы құны 656 миллион доллар болатын 71 жобаны жүзеге асырып, 4600 жұмыс орнын ашу көзделуде. Экспорт көлемі 1,7 миллиард доллар болып, 68 елге жетеді деп күтілуде.

Мемлекет басшысы жаһандық экономикалық ауытқулар жағдайында дұрыс даму траекториясын тандаудың және электротехника саласының базар талаптарына тез бейімделудің маңыздылығын атап өтті. Жергіліктендіруді тереңдету, қосылған құны жоғары өнім алу, заманауи технологияларға сай білікті кадрлар даярлау қажет екені айтылды. Құзырлы органдарға өнеркәсіптік және логистикалық тізбектерде туындайтын мәселелерді шешу, экспорт географиясын әртараптандыру және жаңа базарлар табу үшін саладағы әрбір кәсіпорынмен жұмыс жасау тапсырылды.

ӨзА

ТҮРКІМЕН ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТ БАСШЫСЫ ӨЗБЕКСТАНҒА КЕЛЕДІ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтың шақыруымен түркімен халқының ұлт басшысы, Түркіменстан Халық Мәслихатының Төрағасы Гурбангули Бердимухамедов 23-24 апрель күндері Самарқант қаласында болады.

Алдағы келіссөздердің күн тәртібінде өзбек-түркімен стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту, көпқырлы ынтымақтастықты кеңейту, бірінші кезекте саяси, парламентаралық, сауда-экономикалық, көлік-коммуникациялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы мәселелер қарастырылады.

Сондай-ақ аймақтық және халықаралық маңызы бар өзекті мәселелер бойынша пікір алысылады.

ӨзА

БАҒБАНДАР ӨЗАРА КЕҢЕСТІ

Елімізде "Жасыл аумақ" жалпыұлттық жобасы аясында көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жеміс-жидек пен сәндік ағаш көшеттерін отырғызу, ағаш бұтақтарын қырқу жұмыстарын агротехникалық ережелерге сай жүргізуде тәжірибелі бағбандардың орны ерекше.

Қарақалпақстан Республикасы Қараөзек ауданы "Мәдениет" ААЖ тұрғыны Әділбай Құрбанбаев та осындай тәжірибелі бағбандардың бірі. Зейнетке шыққанға дейін ауыл шаруашылығында жемісті еңбек еткен ол, 2018 жылы 34 сөтік жерде бақ ашып, онда 160 түптен астам жеміс көшеттерін отырғызып, өсіріп келеді.

— Қазірде есік алды жерімізде алма, өрік, шабдалы, жаңғақ және 2,5 мың түптен астам ақ терек өсіріп отырмыз, — дейді Әділбай ағай.

Таяуда Әділбай Құрбанбаевтың бағында аудандағы ауыл ақсақалдары мен көше басшыларының қатысуымен бау-бақшаны күтіп-баптау бойынша семинар ұйымдастырылды.

Онда аумақтың тәжірибелі бағбандары жеміс-жидек және сәндік ағаш көшеттерін отырғызып, оларды түрлі зиянкестерден қорғау бойынша өзара тәжірибе алмасты.

(Өз тілшімізден.)

Өзбекстан — кітапқұмарлар елі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ – ДАМУҒА ДАҢҒЫЛ ЖОЛ

Әлішер Науаи атындағы Ұлттық кітапханада 21 апрель күні "Өзбекстан – кітапқұмарлар елі" ұранымен басталған V Республикалық "Кітап оқу апталығы" биыл да көпшілікті кең ауқымды әдеби және ағартушылық шараларымен қуантпақ. Апталық 27 апрельге дейін жалғасады.

Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл апталық — тек бір апталық мереке емес, тұтас бір ұлттың рухани өсу жолындағы маңызды қадамдарының көрінісі. Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігі ұйытқы болған жоба Өзбекстанда кітап оқу мәдениетін дәріптеуді, оқырман мен автор арасындағы байланысты нығайтуды мақсат етеді.

Соңғы жылдары кітап оқу мәдениетін дамытуға арналған іргелі қадамдар жасалып жатыр. Баспа және полиграфия саласына берілген салықтық және кедендік жеңілдіктер, заманауи кітапханалардың бой көтеруі, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиетке ерекше көңіл бөлінуі — осы бағыттағы оң өзгерістердің айғағы. Атап айтсақ, соңғы бес жылда елдегі баспа үйлерінің саны 600-ге жетіп, жыл сайын орта есеппен 11,6 мың аттағы кітап жарық көрді. Түркі және орыс әдебиетінің 100 томдығы басылып, барлық кітапханаларға таратылды. Ал 2025 жылдан бастап "Өзбек әдебиеті қазынасынан" 200 томдық кітаптар топтамасы оқырманға жол тартпақ.

Кітап оқу апталығы аясында республика бойынша мыңнан астам іс-шара жоспарланған. Әдеби кездесулер, кітап жәрмеңкелері, оқырман мен автордың жүздесуі — барлығы оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған.

Ташкенттегі "Dream Park" демалыс саябағы мен Қарақалпақстаннан бастап барлық облыстар мен аудандарда өтетін шаралар — нағыз әдеби мерекеге айналмақ.

Бұдан тыс, Жазушылар одағының "Паркент шығармашылық үйінде" баспагерлер мен авторлар бас қосып, балалар мен жасөспірімдер әдебиетінің болашағы жайлы ой бөліседі.

Биылғы тағы бір жаңалық, 2025-2026 оқу жылынан бастап еліміз мектептерінде әр сенбі "Кітап оқу күні" болып белгіленетін болады. Сонымен қатар кітапханалар қорын үздік өзбек және әлем әдебиетімен толықтыру, көзі нашар көретін балалар үшін Брайль әліппесіндегі кітаптар шығару да күн тәртібінде.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттың рухани тұтастығын сақтау — стратегиялық маңызы зор міндет. Бұл жолда ең сенімді құрал — кітап. Кітап — тек ақпарат көзі ғана емес, ол — сана-сезімді тәрбиелейтін, дүниетанымды кеңейтетін, адам болмысына терең әсер ететін құндылық. Өзбекстанда жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан "Кітап оқу апталығы" — осы рухани саяхаттың алтын арқауы.

Мемлекет тарапынан жасалып жатқан нақты қадам — мәдени мұраны ұлықтауға, жастарға сапалы әдеби орта қалыптастыруға бағытталған саналы саясаттың жемісі. Мектептерде "Кітап оқу күнінің" енгізілуі, балаларға арналған әдебиеттің дамуына ерекше мән берілуі, кітапханалардың жаңа келбеті — мұның барлығы ұлттың ертеңіне жасалған интеллектуалдық инвестиция.

Ең бастысы, бұл бастамалар тек қағаз жүзінде қалмай, нақты өмірде жүзеге асуда. Баспа ісі қарқынды дамып, жаңа кітаптар легі оқырманға жол тартуда. Автор мен оқырманның арасы жақындап, кітап оқуға қызығушылық артты. Бұл — мемлекет пен қоғамның бірлескен жұмысының нәтижесі.

Кітап оқу мәдениеті — өркениеттің өзегі. Ол жоғалса — рух әлсірейді, ой тұманданады. Еліміз осыны жақсы түсініп, руханият пен білімге жол ашып келеді. Бұл жол — болашақтың жолы. Ал кітап — сол жолдағы жарық шам.

Е.АБДУРАХЫМҰЛЫ,
"Нұрлы жолдың" тілшісі.

АБАЙ МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

Абай мұрасы – қазақ халқының ең қасиетті қазынасы. Абай қашан да өзінің халқымен мәңгі бірге жасайды. Абайдың кім екенін сұрасақ, әрбір ұшқұдықтық азаматтар: "Абай – дана ақын, өз заманының озық ойлы демократы, тіл ағартушысы, терең ойшыл, қоғам қайраткері, көрнекті ақын, сөз өнеріне өз үлесін қосқан талантты сазгер, артына татымды ән мен ойлы күй қалдырған асқан өнер иесі", – деп айта алады.

Биыл Абайдың туғанына 180 жыл толуына орай Науаи облысы Үшқұдық ауданының барлық қазақ ауылдарында мәдени-танымдық шаралар өткізілуде.

Үшқұдық ауданы Мыңбұлақ ауылында ұйымдастырылған танымдық шара мектеп директоры Ерлан Қонарбаевтың ұйымдастыруымен Абай Құнанбаевтың 180 жылдығы көтеріңкі көңіл күйде басталып, зор ұйымшылдықпен өтті. Алғаш "Абай — дана, Абай — дара" атты жыр бәйгесінде оқушылар ақын өлеңдерін, қара сөздерін жатқа айтып сынға түсті. Сайысқа аудандағы №№1, 2, 4, 11, 12 сабақ қазақ тілінде оқытылатын жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары қатысып, Абай жырларын нақышына келтіре, мәнерлеп жатқа айтты.

Байқау қорытындысына орай, жыр сайысында I орынды №11 мектептің 9-сынып оқушысы Балжан Өсерова еншіледі. Екі II орынға №11 мектептің 9-сынып оқушысы Ақерке Айтбаева мен №12 мектептің 8-сынып оқушысы Балымсұлу Бекмұратова ие болды. Жүлделі III орындарды №11 мектептің 8-сынып оқушысы Нұршат Кеңесбаев пен №12 мектептің 9-сынып оқушысы Гүлниса Бекмұратова қанжығасына байлады.

Мәдени-танымдық шара барысында "Бала дауысы" атты әнбайқауы өткізілді. Жастарды өнерге баулу мақсатында өткізілген ән-байқауына Үшқұдық ауданындағы сабақ қазақ тілде оқытылатын мектептерден жалпы 8 оқушы қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Ән-байқауы қорытындысына орай жүлделі I орынды Құлқұдық ауылындағы №1 мектептің 6-сынып оқушысы жас әнші Нұрладин Ғаниев иеленді. №11 мектеп оқушылары Балжан Өсербаева мен Нұргелді Ақмұрзаевтар II орынға лайық деп табылса, жүлделі III орынға №2 мектеп оқушысы Іңкәр Жарымбетова және №11 мектеп оқушысы Нұрбала Құлмановтар жеңімпаз аталды. Сайыс соңында барша жүлдегерлер ұйымдастырушылар мен демеушілердің естелік сыйлықтарымен, мақтау қағаздарымен марапатталды.

* * *

Бес маңызды бастама аясында Мыңбұлақта мектеп директоры Ерлан Қонарбаевтың ұйымдастыруымен спорттың мини-футбол түрінен мектеп директоры кубогы спорттық сайысы да өтті. Аудан мектептерінен спорт сайысына түскен 9 құрама команда ойыны тартысқа толы болды. Сайыс нәтижесінде №7 мектеп құрама командасы жеңіске жетіп, бас жүлдені қанжығасына байлады. Қалған орындарды №18, №11 мектептердің футболшылары өзара бөлісті.

Назарбек ЕРЕЖЕПОВ,
Гүлдана ТӨРЕХАНҚЫЗЫ,
Науаи облысы.

Шара

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ МӘҢГІЛІК БОЛСЫН

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі жанындағы Азаматтық қоғам институттарын қолдап-қуаттау қорының көмегімен Орталық тарапынан "Құндылықтарың мәңгілік болсын, Наурыз!" ұранымен кең ауқымды мерекелік іс-шара — Сумалак сейілі ұйымдастырылды.

Бұл іс-шара Президенттің 2025 жылғы 21 февральдағы "2025 жылғы Наурыз жалпыхалықтық мейрамына дайындық жасау және оны өткізу туралы" қаулысы аясында, халықтар арасындағы өзара сенімді, тату көршілік пен достықты нығайту мақсатында өткізілді.

Мемлекет басшысы өз құттықтауында Наурыз мейрамын — көктемнің, ізгілік пен жасампаздықтың, адамгершілік пен табиғатты қастерлеудің рәмізі ретінде атап өтіп, бұл мерекенің "Адам қадірі үшін, адам бақыты үшін" деген ұлы идеямен үндес екенін ерекше айтты.

Орталық халықтық дипломатия құралдары арқылы ұлтаралық және дінаралық татулықты нығайтуға, мәдени мұра мен ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған жобалар жүргізіп келеді. Солардың қатарында түрлі мәдени іс-шаралар, дөңгелек үстелдер, конференциялар мен әдеби кештер ұйымдастырылуда.

Наурыз мейрамына арналған бұл жолғы шараға Олий Мажлис депутаттары, министрліктер мен кеңселердің өкілдері, ШЫҰ мемлекеттерінің Ташкенттегі елшіліктерінің басшылары, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, беймемлекеттік ұйымдар, ұлттық мәдени орталықтар, діни конфессиялар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Ашылу салтанатында сөз сөйлеген Орталық директоры Қобилжон Собиров Наурыз мейрамының кең көлемде аталып өтуі халықтар арасындағы достық, өзара түсіністік және ынтымақтастықты нығайтуда ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Ол, Орталықтың өз қызметі аясында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің халықтарымен мәдени және гуманитарлық байланыстарды кеңейту, бұл елдерде өмір сүріп жатқан түрлі ұлт пен ұлыстар арасындағы ынтымақтастықты дамыту, ұлттық дәстүрлерді халықтық дипломатия құралдары арқылы сақтау және насихаттау бағытындағы бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

Өзбекстан Республикасы Ұлтаралық қатынастар және шетелдегі отандастар істері бойынша комитет төрағасы Қахрамон Сариев көне де қасиетті бұл мейрамның терең мағынасына тоқталып: "Наурыз — халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлері мен рухани мұрасының көрінісі ғана емес, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтарды қамтитын мейрам. Ол адамдарды мейірімділікке, өзара құрмет пен төзімділікке, ынтымақ пен бірлікке үндейді. Ұлттар мен ұлыстар арасындағы достық пен келісімді нығайтатын маңызды рухани құбылыс", — деп атап өтті.

Сейіл барысында Өзбекстан мемлекеттік өнер және мәдениет институты мен Юнус Ражаби атындағы ұлттық музыка өнері институтының оқытушы-профессорлары мен студенттерінің орындауында түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық салт-дәстүрлерін кеңінен қамтыған концерттік бағдарлама ұсынылды. Сонымен қатар, қолөнер бұйымдарының көрмелері, көктемгі ұлттық тағамдардан жасалған мерекелік дастарқан ұйымдастырылып, қонақтар Наурыздың басты тағамы — көктеген бидай дәнінен әзірленетін сумалактан дәм татты.

Бұл мерекелік шара түрлі ұлыс өкілдері арасында өзара түсіністік пен құрмет атмосферасын қалыптастыруға, мәдени байланысты арттыруға және ұлтаралық татулық пен бірлікті нығайтуға үлкен үлес қосты.

Қонақтар Наурыз мейрамының қоғамдағы ұлтаралық достық пен ынтымақтастықты бекемдей түсетініне тоқталып, қазіргі тыныш және бейбіт өмірімізді қадірлеу, шүкіршілікпен өмір сүру қажеттігін атап өтті.

Осы жарқын күндерде Орталық барша отандастарымызға мол қуаныш, шаттық, бақыт пен бейбіт өмір тілейді.

Пулат САЙДАКБАРОВ,
Өзбекстандағы ШЫҰ Халық дипломатиясы орталығы Баспасөз қызметінің басшысы.

Тіршілік көзі

СУ ДИПЛОМАТИЯСЫ

"Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты" ұлттық зерттеу университетінің 90 жылдық мерейтойы аясындағы іс-шаралар жалғасуда.

Бүгін университетте "Орталық Азиядағы су дипломатиясы: тұрақты даму үшін сенім, диалог және көпжақты ынтымақтастық" тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Өзбекстан Республикасының Су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраев қатысып, сөз сөйледі.

— Орталық Азияның тұрақты дамуына аймақтағы барлық мемлекеттердің теңдік, өзара түсіністік, ашықтық және әр тараптың мүддесін ескеру қағидаттарына негізделген тығыз ынтымақтастық арқылы қол жеткізуге болады. Біз үшін су дипломатиясы өзекті мәселелерді шешудің жолы ғана емес, сонымен қатар аймақтағы тыныштықты, қауіпсіздікті және әл-ауқатты нығайтуға бағытталған ұзақ мерзімді стратегия, — деді Ш.Хамраев. — Біз оны тәжірибе алмасу, инновациялық шешімдерді табу және су ресурстарын басқарудың ортақ тәсілдерін әзірлеу алаңы ретінде қарастырамыз.

Министр Өзбекстанның бұл үдерістерге белсене қатысуға, өз бастамаларын ілгерілетуге және серіктестердің ұсыныстарын қолдап-қуаттауға дайын екенін атап өтті. Бірлесе жұмыс істеу арқылы қазіргі қиындықтарды жеңіп қана қоймай, болашақ ұрпақтың игілігі үшін берік негіз жасауға болады.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны Өзбекстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық және өңіраралық зерттеулер институты Су шаруашылығы министрлігі, "Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты" ұлттық зерттеу университеті, Фридрих Эберт атындағы қор, Германия халықаралық ынтымақтастық қоғамы, халықаралық су ресурстарын басқару институты, Швейцария өркениет және ынтымақтастық агенттігімен ынтымақтастықта ұйымдастырылды.

Оған оннан астам елден жүздеген маман, соның ішінде Орталық Азияның екі ірі өзені — Әмудария мен Сырдария бассейндерін пайдаланатын мемлекеттердің өкілдері, Азия және Еуропа елдерінің мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттарының сарапшылары мен мамандары қатысты.

Семинарда бүгінде Орталық Азияда жақсы тәжірибеге айналған кең ауқымды және тиімді аймақтық ынтымақтастық пен инклюзивті диалогтың практикалық үлгісіне айналды.

Конференция аясында Өзбекстан Республикасының Су шаруашылығы министрі Ш. Хамраев шетелдік және жергілікті БАҚ өкілдерімен кездесу өткізіп, олардың сұрақтарына жауап берді.

Өзбекстан Республикасы Су шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.

Кәсіпкерлікке — кең өріс

ЖАСТАР ҚОЛДАП-ҚУАТТАЛУДА

Жызақ облысы бойынша салық департаментінің ұйымдастыруымен шағын және орта бизнес өкілдерінің қатысуымен маңызды жиын өтті. Бұл ашық диалог Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтың тапсырмасымен март айында өткен жиында алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылып, кәсіпкерлік саласын қолдауға, орын алған мәселелердің іс жүзіндік шешімін табуға қызмет етті.

Онда кәсіпкерлер өз қызметінде кездесетін өзекті мәселелерді талқылады. Салық несиесін пайдалану тәртібі, бизнесті кеңейтудегі кедергілер, ҚҚС сомасын басқа салықтарға аудару және қайтару механизмі, сандық таңбалауды енгізуге байланысты сұрақтар қойылған шарада пікірталас та орын алды. Сонымен қатар 20-дан астам жұмыс барысында кездесетін кедергілер мен ұсыныстар айтылды.

Бірнеше жылдан бері нәтижелі жұмыс жасап жатқан кәсіпкерлер ынталандырылды, өңірдегі белсенді кәсіпкерлер келесі аталымдар бойынша марапатталды. "Ең көп салық төлеген кәсіпкер", "Ең көп фискалдық чек беретін кәсіпкер", "Ең көп экспорттаған кәсіпкер", "Ең көп жұмыс орнын ашқан кәсіпкер", "Ең тәртіпті салық төлеуші", "Ең жас кәсіпкер" сияқты аталымдарға лайықты деп табылғандарға бағалы сыйлықтар мен мақтау қағаздары берілді. Бұл марапаттау үдерісі бизнесті адал, ашық және тиімді жүргізетін кәсіпкерлерді жариялауға және ынталандыруға бағытталған.

Шара барысында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің экспорттық әлеуеті, жұмыс орындарын ашу мүмкіндіктері мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру механизмі талқыланды. Сондай-ақ мемлекет тарапынан берілетін салық жеңілдіктері мен олардың іс жүзінде жүзеге асырылуы туралы түсініктер берілді.

Естеріңізге сала кетейік, еліміз Президенті үстіміздегі жылғы 19 марттағы жиналыста "Кәсіпкерлікті қолдап-қуаттау — біздің стратегиялық жолымыз" атты қағиданы алға тартқан болатын. Соның негізінде еліміздің түкпір-түкпірінде шағын және орта бизнес өкілдерімен ашық диалогтар ұйымдастырылып, олар арқылы кәсіпкерлердің пікірлері тыңдалып, іс жүзіндік көмек көрсету жүйесі қалыптасуда.

Жызақ облысында өткен кездесу шағын және орта бизнес өкілдерін қолдауға, салық жүйесіндегі жаңалықтарды түсіндіруге, кәсіпкерлермен ынтымақтастықты нығайтуға қызмет етті. Сондай-ақ мұндай диалогтар алдағы уақытта өзге аумақтарда да тұрақты түрде өткізіліп тұратын болады.

Жызақ облысы әкімдігінің Баспасөз қызметі.

Қолөнершілік

ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРДЕН ЗАМАНАЛЫҚ БИЗНЕСКЕ

Көне мұралардың бірі болған қолөнершілік кез келген халықтың ұлттық салт-дәстүрінен сыр шертетін айна іспеттес. Ал оны заманға сай үлгіде өрнектеу, халықтың ұлттық рәмізі ретінде әлемге таныту, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру көкейтесті мәселенің бірі.

Елімізде беделді ұйымдардың бірі саналған "Хунарманд" бірлестігі осы мәселелерге орай, "Қолөнершілікті дамыту: дәстүрлі өнерден инновациялық бизнеске дейін" тақырыбында дөңгелек үстел сұхбатын ұйымдастырды. Шара "Өзбекстан — 2030" стратегиясын "Қоршаған ортаны қорғау және "жасыл экономика" жылында атқарылуы тиіс мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлықтың орындалуын қамтамасыз еу мақсатында ұйымдастырылып, онда "Хунарманд" журналының тұсаукесері де өтті.

Оған Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасының депутаттары, Әділет министрлігі, Мәдениет министрлігі, Туризм комитеті, Сауда-өнеркәсіп палатасы, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің құзырындағы Техникалық тұрғыдан реттеу агенттігі, "Өзбекстан әуе жолдары" АҚ, "Өзбекстан темір жолдары" АҚ, Инвестициялар, өнеркәсіп және сауда министрлігі, "Узстандарт" агенттігі, сала ғалымдары, өнертанушылар, дизайнерлер, сондай-ақ лидер қолөнершілер қатысты.

Шарада республикалық "Хунарманд" бірлестігі мен "HUMO DOCUMENTARY" ЖШК-ның арасында өзара меморандумға қол қойылды.

Меморандумда екі жақ Өзбекстан мен Орталық Азияның мәдени мұрасын, сондай-ақ дәстүрлі қолөнершілік өнерін сақтау мен бұқараландыру қолөнершілік мұрасы бойынша деректі фильмдер, мультимедиалық жобалар және цифрлы мұрағаттарды жасау, оны насихаттау, қосымша көрмелер, мультимедиалық жобалар мен мәдени шараларды ұйымдастыру, қолөнершілерді қолдап-қуаттау дәстүрлерін жас ұрпаққа жеткізуге бағытталған білім беру мен зерттеу бастамаларын өткізу, қолөнершіліктің кесте тігу, ұлттық ойыншықтар жасау, құмыра жасау, ағаштан ою-өрнек жасау, кілем тоқу, ұлттық саз аспаптарын жасау түрлерін дамытуға және бұқараландыруға көмектеседі.

Сондай-ақ шараның басты тақырыбы болған "Хунарманд" бірлестігінің құрылтайымен жарық көрген "Хунарманд" журналының тұсаукесері өтті. Журнал жылына төрт рет, өзбек, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көреді. Журналдың бірінші санынан-ақ өзбек қолданбалы өнерінің көп ғасырлық дәстүрлеріне, қолөнер шеберлерінің көркемдік тәжірибесіне жаңа көзқараспен ұмытылып келе жатқан басылым екенін білуге болады. Оның мазмұны жетекші шебер қолөнершілермен сұхбаттар, көркем қолөнершілік дамуының тенденциясы мен назарға лайықты көрмелер туралы сараптамалық мақалаларды, аз үйренілген немесе ұмытылып бара жатқан дәстүрлерге арналған материалдар, сондай-ақ тарихи очерктерді қамтиды.

"Қолөнершілікті дамыту: дәстүрлі өнерден инновациялық бизнеске дейін" тақырыбындағы тұсаукесер қолөнершілікті заманалық базарға сәйкестендіру, дизайн және технологиялар арқылы жаңа құн жарату, жастар мен қыз-келіншектерді жұмылдыра отырып, тұрақты табыс көзін қалыптастырудан тұрады. Мұнда негізгі бағыттар дәстүрлі өнімдерді заманалық дизайн, экологиялық материалдармен және технологиялармен үйлестіру, шеберлер мен дизайнерлердің арасына ынтымақтастық стандарттау бойынша тұсаукесер (жергілікті және халықаралық тәжірибе) сынды мәселелер белгіленді.

Ал стандарттау бойынша тұсаукесерде (жергілікті және халықаралық тәжірибе), брендтеу және маркетинг, өнімдердің халықаралық базарларға шығу үшін "Made in Uzbekistan" брендімен сертификаттау сынды мәселелерге назар аударылды. Сондай-ақ Таиланд креативтік қолөнершілігі бойынша да тұсаукесер өтті.

Шарада қолөнершілердің қатысуымен fashion-week, дизайн жәрмеңкелеріне қатысу, өнімдерді экспорттауда жеңілдіктер мен субсидия механизмдері, Туризммен интеграцияланған қызметтер (мәдени тур, шеберхана сапары) тәрізді мәселелер де талқыланды.

Г.ОРЫНБАСАРҚЫЗЫ

Медицина

ДАМУ МЕН САПАЛЫ ҚЫЗМЕТТІҢ КӨРІНІСІ

Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде “Dori-Darmon” акционерлік компаниясының 2024 жылғы қызметінің қорытындылары және 2025 жылға арналған жоспарлары” тақырыбында баспасөз конференциясы өтті.

Фармацевтика саласы экономикалық әрі әлеуметтік маңызы бар сала ретінде мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау табуда. Соңғы жеті жылда бұл саладағы өндіріс екі есе артып, экспорт 11 есеге ұлғайды. Бүгінде ел аумағында 3,5 мыңнан астам дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндіріледі.

2025 жылдың 1 мартындағы жағдай бойынша Өзбекстан фармацевтика базарында дәрілік заттардың көтерме саудасымен айналысатын 466 кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың ішінде бір ғасырлық тарихы бар “Dori-Darmon” акционерлік компаниясы ерекше орын алады.

Компания көтерме және бөлшек сауда саласында жұмыс істейді. Оның құрылымына 1 мың 480-нен астам әлеуметтік дәріхана және оның бөлімшелері кіреді. Бұл дәріханалардың 1 мың 384-і (88 пайыз) ауылдық аумақтарда орналасқан. “Dori-Darmon” және оның аумақтық бөлімшелері Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты және басқа да емдеу-профилактикалық мекемелердің негізгі жеткізушілерінің бірі саналады.

Сонымен қатар Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2013 жылғы қаулысына сәйкес, амбулаторлық ем қабылдайтын 14 санаттағы азаматтардың дәрі-дәрмекпен жеңілдікті қамтамасыз етілу құқығы белгіленген. 2024 жылы осы санаттағы азаматтарға 408 мың 716 рецепт негізінде 31 миллиард 755 миллион сум көлемінде дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдар тегін берілді.

Бұдан тыс, өткен жыл барысында реимбурсация бағдарламасы аясында жалпы 4,6 миллиард сомдық дәрі-дәрмектер науқастарға электрондық рецепт арқылы тегін ұсынылды. Бұл бағдарлама гипертония, жүректің ишемиялық ауруы, 2-типті қант диабеті, бронх демікпесі, өкпенің созылмалы обструктивті аурулары нақтамасымен диспансерлік бақылаудағы науқастарға отбасылық дәрігерге жүгіну арқылы 27 түрлі дәріні тегін алуына мүмкіндік береді.

Қазірде компанияға қарасты 89 дәріхана, соның ішінде Сырдария облысында — 44, Ташкент қаласында — 45 реимбурсация бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар бұл бағдарламаны компанияның басқа дәріханаларында да енгізу жұмыстары басталды.

Айта кетерлік жайт, 2024 жылдың август айында “Dori-Darmon” АҚ және Өзбекстан Республикасы Президенті жанындағы Әлеуметтік қорғау ұлттық агенттігі бірлесіп жаңа әлеуметтік жобаны іске қосты. Жоба аясында әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтарға сұраныс бойынша зәр қабылдағыштар (мочеприемник) жеткізілуде. 2024 жылдың соңына дейін осы бастама арқылы 600-ден астам зәр қабылдағыш мұқтаж жандарға тегін таратылды.

Компания алдағы жылдары да фармацевтика саласын дамыту мен халықты сапалы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бағытында жұмыстарын жалғастыруды жоспарлаған.

Халықты сапалы әрі қауіпсіз дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін олар халықаралық деңгейде танылған стандарттарға сәйкес өндірілуі, сақталуы, зертханалық сараптамадан және клиникалық тексерулерден өтуі тиіс. Дамыған елдерде фармацевтикалық өнімдердің осы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында GxP концепциясы енгізілген.

“Dori-Darmon” акционерлік компаниясы және оның құрамындағы ұйымдар GDP (Good Distribution Practice — Тиісті тарату тәжірибесі) сертификатына ие. Тек “Наманган Dori-Darmon” акционерлік қоғамы ғана бұл сертификатты алмаған, алайда онда GDP талаптарына сәйкес жөндеу жұмыстары аяқталып, жақын арада сертификат алу жоспарланған.

Бүгінге дейін компания және оның құрамындағы кәсіпорындарға қарасты 800-ден астам дәріхана GPP сертификаты негізінде қызмет көрсетуде.

Компанияның басты күші — білікті және тәжірибелі мамандары. Сондықтан қызметкерлердің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. 2024 жылы компания және оның құрамындағы ұйымдарда GPP, GDP, тағы басқа да бағыттар бойынша 200-ге жуық қызметкер мен фармацевтер оқыту курстарынан өтті. Сонымен қатар кәсіпорындарда фармацевтер мен провизорлардың біліктілігін арттыру тұрақты түрде жүргізілуде.

“Dori-Darmon” компаниясы азаматтардың өтініштерін мұқият қарастырады. 2024 жылы компанияға 7 мың 664 өтініш түсті. Олардың басым бөлігі дәрі-дәрмектерді табуға және алуға көмек көрсету, бос жұмыс орындарына қатысты сұрақтар болды. Барлық өтініштер тиісті мамандар тарапынан қаралып, оң шешімін тауып, азаматтарға толыққанды жауаптар берілді.

Акционерлік компания — халықтың денсаулығын қорғау саласындағы сенімді серіктес. Компания тек дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етумен шектелмей, сапаны арттыру, қызметкерлердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету және азаматтардың өтініштерін мұқият қарастыру бағытында жүйелі жұмыстар атқаруда.

Алдағы уақытта компания GPP және GDP стандарттарына толық сәйкестікті қамтамасыз ету, халыққа сапалы дәрі-дәрмек жеткізуді жетілдіру, сондай-ақ жаңа әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды басты міндет етіп отыр.

Ядролық қауіпсіздік

ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР МЕН ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Өзбекстан Республикасы Президенті Өкімшілігі жанындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіп, радиациялық және ядролық қауіпсіздік комитетінің мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен “Өнеркәсіп, радиациялық және ядролық қауіпсіздік комитеті қызметіне қатысты қабылданған Жарлықтар мен Қаулылардың орындалуы” тақырыбына арналған баспасөз конференциясы өтті.

Шарада комитет төрағасының орынбасары С.Якубеков тақырыпқа қатысты баяндама жасады. “Аталған құжаттар негізінде Комитетке бірқатар маңызды әрі басым міндеттер жүктелді”, — деді Қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары. — Атап айтқанда, өнеркәсіп, радиация және ядролық қауіпсіздік талаптарын қайта қарау, халықаралық стандарттарды ұлттық заңнамаға енгізу, қашықтан бақылау жүйелерін енгізу, сала мамандарының біліктілігін арттыру, сондай-ақ заң бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту секілді нақты бағыттар бойынша жұмыстар жүйелі түрде атқарылып келеді.

Осы салаларды мемлекеттік реттеудің инфрақұрылымын дамыту көзделген.

Өзбекстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес, 2024 жылдың қорытындысы бойынша комитет тарапынан 49 тапсырма орындалған болса, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында комитетке 47 тапсырма жүктеліп, белгіленген мерзімнен бұрын орындалды.

Қысқа уақыт ішінде комитеттің қатысуымен сала қызметін реттейтін 10-нан астам нормативтік-құқықтық құжаттар қабылданды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша 607 тексеру жүргізіліп, 9 мың 435 ережебұзушылық анықталды, 656 жұмысшыға әкімшілік айыппұл салынды.

Апат немесе қайғылы оқиғаларға әкелуі мүмкін жағдайлардың алдын алуға ерекше назар аударылды. Республика бойынша 4 мың 427 көпқабатты үйдегі 11 мың 428 лифт пен 148 мәдениет және демалыс саябақтарындағы аттракциондар тексеруден өткізіліп, ондағы құрылғылардың қауіпсіздігі бақылауға алынды.

Жүргізілген тексерулер нәтижесінде 899 тексеру актісі рәсімделіп, өнеркәсіп, радиациялық және ядролық қауіпсіздікке қатысты 2 мың 862 нормативтік талаптардың бұзылғаны анықталды. Бұл ережебұзушылықтарды жою үшін 747 жазбаша нұсқамалық пен 121 ақпараттық анықтама дайындалды.

Саланың дамуы кадрлардың тәжірибесіне тікелей байланысты. Елдегі өнеркәсіп кәсіпорындарда жұмыс істейтін 30 мыңнан астам қызметкердің өнеркәсіп, радиациялық және ядролық қауіпсіздікке қатысты білімі тексеріліп, 3 мың 600 инженер-техник қызметкерлерді қайта даярлау бойынша тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар саланы цифрландыру бағытында да бірқатар жұмыстар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, саланың дамуына жасанды интеллектке негізделген бағдарламалық шешімдерді кеңінен енгізу мақсатында Цифрлық технологиялар министрлігімен бірлесіп бірыңғай экожүйе әзірленуде. Бұл жүйеге бірқатар министрлік пен кеңселердің өз бағыттарына сәйкес ақпараттық жүйелері интеграцияланатын болады.

Бұдан тыс, әлеуметтік саладағы қауіпсіздікті цифрландыру бағытында “xavfsiz attraksion” платформасы әзірленді. Республикадағы барлық мәдениет және демалыс саябақтарындағы аттракциондар толық тіркеуден өткізіліп, олардың бірыңғай реестрі жасалды.

Сонымен қатар Атом электр станциясының құрылысы кезеңдерін ескере отырып, 2025-2026 жылдар аралығында атом энергиясын пайдалану саласына қатысты 40 норма мен қағидаларды әзірлеу жоспарланған.

Жаңа Өзбекстанды құру жолындағы алғашқы күндерден бастап ашық, сындарлы және нақты сыртқы саясат жүргізу, әлемдегі барлық өркениетті елдермен, көрші мемлекеттермен тығыз достық және ынтымақтастық қатынастарын нығайту ең басты басым бағыт ретінде айқындалды.

Комитет халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтастық жүргізіп келеді. Бейбіт мақсаттағы атом энергиясын қолдану, химиялық және биологиялық қаруларды таратпау бағытында халықаралық келісімдер шеңберінде Өзбекстан өз міндеттемелерін орындай отырып, бірқатар халықаралық жобаларды іске асыруда. Атап айтқанда, Ресей және Беларусь елдерімен бірге 2025-2026 жылдарға арналған бірлескен бағдарламалар бекітілді. “Химиялық қауіпсіздік туралы” және “Радиоактивті қалдықтармен жұмыс туралы” заң жобалары халықаралық сарапшылармен бірге жасалуда.

Халықаралық атом энергиясы агенттігі (ХАЭА) мен Еуропа Одағының бірнеше жобасы аясында құрал-жабдықтар мүддесіз техникалық көмек ретінде беріліп жатыр. 2024 жылдың декабрінде Өзбекстанға ХАЭА бас директорының жоғары деңгейдегі сапары барысында ұсынылған бастамаларды жүзеге асыру үшін арнайы “Жол картасы” әзірленді.

Сондай-ақ Өзбекстан Ядролық апат туралы жедел хабарлау конвенциясы мен Ядролық қауіпсіздік туралы конвенцияға қосылып, ядролық қауіпсіздік саласындағы халықаралық жауапкершілігін нығайтты.

Аудан жаңалығы

ЖАҢА БАЛАБАҚША – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Аққорған ауданында мектепке дейінгі тәлім-тәрбие беру саласы қарқынды дамып келеді. Бұрын балаларға барлық жағдайы жасалған, заманауи балабақшалар салынады дегенге сену қиын болса, бүгінде бұл арман шындыққа айналуда.

Мемлекет басшысының бастамасымен соңғы жылдары мектепке дейінгі тәлім-тәрбие беру саласы ерекше назарға алынып, балаларға сапалы білім мен тәрбие беру жолында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның айқын дәлелі ретінде “Навбахор” махалласында жаңа, заманауи талаптарға сай салынған №21 балабақша ашылды. Ауыл тұрғындары бұл күнді ұзақ күтті. Көптен бері бүлдіршіндерге арналған балабақша салынса деген арман орындалды.

120 орынға арналған ұйым сапалы құрылысымен, заманауи инфрақұрылымымен ерекшеленеді. Мұнда балалардың жан-жақты дамуына қажетті барлық жағдай жасалған, кең әрі жарық топ бөлмелері, ойын алаңдары, тамақтану, демалу және жуыну бөлмелері соңғы талаптарға сай жабдықталған. Ал тәрбиешілер — өз ісіне шебер, тәжірибелі мамандар.

Балабақшаның ашылу салтанатына аудан әкімі Т.Боболов пен махалла азаматтар жиынының төрағалары қатысып, бұл мекеме аумақтың тәлім-тәрбие саласындағы тағы бір маңызды жетістік екенін атап өтті. “Бүлдіршіндерге қолайлы жағдай жасау — болашаққа жасалған инвестиция” деген әкім алдағы уақытта осындай балабақшалар саны арта түсетінін жеткізді.

Жаңа тәлім-тәрбие беру ұйымы — аудан тұрғындары үшін үлкен тарту. Бұл тек бүгінгі ұрпаққа ғана емес, болашақ буынға да жасалған маңызды инвестиция десек, артық айтқандық болмас.

Мемлекеттік саясат — іс жүзінде

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ – ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ ТІРЕГІ

Жуырда Бөке аудан әкімдігінің мәжілістер залында “Әйелдер арасындағы жұмыссыздықты азайту және олардың кәсіпкерлікке араласуын қолдау” тақырыбында ашық сұхбат ұйымдастырылды. Басқосуды аудан әкімінің орынбасары, Отбасы және әйелдер бөлімінің басшысы З.Маннопова жүргізді.

Кездесуге ауыл-аймақтардағы әйелдер белсенділері, банк саласының өкілдері, өз ісін дөңгелетіп отырған кәсіпкер әйелдер, сондай-ақ жұмыссыз жүрген және кәсіпкерліпен айналысуға ниетті әйелдер қатысты.

Жиынды ашқан З.Маннопова мемлекет басшысының әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға, олардың жұмыспен қамтылуына және кәсіпкерлікке бет бұруына жасалып жатқан жағдайлар мен қолдаулары жайлы кеңінен баяндады. Оның айтуынша, соңғы жылдары әйелдердің кәсіпкерлік бастамаларын қолдап-қуаттауға арналған жеңілдіктер мен бағдарламалар саны артып келеді. Бұл өз кезегінде олардың экономикалық белсенділігін арттырып, отбасы әл-ауқатын көтеруге зор мүмкіндік беруде.

Сұхбат барысында өз ісін жаңадан бастауға немесе кеңейтуге ниетті әйелдердің ұсыныс-пікірлері тыңдалып, олардың көкейкесті сұрақтарына нақты жауаптар берілді. Мамандар тарапынан құқықтық кеңестер ұсынылып, кәсіпкерлікке бағытталған мемлекеттік бағдарламалар бойынша жан-жақты ақпарат берілді.

Кездесу соңында мұндай ашық форматтағы кездесулерді алдағы уақытта тұрақты түрде өткізіп тұру, сондай-ақ туындаған мәселелерді бірлесіп шешу бойынша келісім жасалды.

Ашық сұхбат — жай ғана кездесу емес, бұл — әйелдердің әлеуетіне деген сенімнің, олардың қоғам өміріне белсене араласуына жасалып жатқан нақты қадамның көрінісі. Қоғам дамуы әйелдің дамуына тікелей байланысты десек, мұндай басқосулар — олардың бойындағы мүмкіндіктерді ашуға, арманын іске асыруға жол ашатын алтын көпір.

Алға ұмтылған әрбір әйел — ел ертеңінің тірегі. Ендеше, қоғамдағы әрбір бастама, әрбір қолдау нақты іспен жалғасып, өмірімізді жақсылыққа бастағай.

Беттің материалдарын “Нұрлы жолдың” тілшісі Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ дайындады.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕСІ

Қазақ халық ертегілері — халықтың тарихи жады мен дүниетанымын, рухани-эстетикалық құндылықтарын жинақтаған көркем сөз үлгілері. Осы ертегілердің басты ерекшелігі — өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, жарық пен түнек сияқты қарама-қарсы ұғымдардың тартысы арқылы тәрбиелік мазмұнды жеткізу. Осы қарама-қарсылықтардың ішінде ерекше орын алатын кейіпкерлердің бірі — жалмауыз кемпір.

Жалмауыз кемпір — көбінесе зұлым, сұсты, тылсым күшке ие, сиқыршы бейнесінде көрінетін антогонист. Бұл образ тек қазақ ертегілеріне тән емес, ол жалпы түркі, тіпті әлемдік фольклорлық дәстүрде де кездесетін архетиптік кейіпкердің бір көрінісі. Жалмауыз кемпір бейнесі мифологиялық түп-төркіні жағынан архаикалық наным-сенімдермен байланысты. Ежелгі адам санасында әйел — әрі өмір сыйлаушы ана, әрі табиғаттың дүлей күштерін меңгерген жұмбақ жаратылыс. Осы қосарлы бейне уақыт өте келе оң (ұмай ана) және теріс (жалмауыз кемпір) кейіпкерге бөлініп дамыды. Жалмауыз кемпір — хаосты, зұлымдықты, қорқынышты бейнелейтін тұлға. Ол кейде өлімнің рәмізі ретінде де көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, жалмауыз кемпір — белгілі бір өткел, яғни кейіпкердің өмірлік сынақтардан өтуін шарттайтын шекаралық бейне. Мысалы, "Ер Төстік" ертегісіндегі жалмауыз кемпір — Ерназардың тоғыз ұлын жалмаған, Ер Төстіктің алдынан шыққан ең басты кедергі. Ол — зұлым күш иесі, бірақ Ер Төстік оның ордасынан білім мен күш алады. Карл Густав Юнгтің аналитикалық психологиясында бұл тип "көлеңке" немесе "теріс ана архетипі" ретінде сипатталады. Яғни, "Жалмауыз кемпір" — адамның ішкі қорқынышы, бейсаналық мазасыздықтың рәмізі. Сонымен қатар, бұл бейне — бастан кешетін өмірлік сынақтар мен рухани өсу сатысының міндетті компоненті. Жалмауыз кемпір бейнесі әлем халықтарының фольклорында ұқсас кейіпкерлермен үндес: Орыс ертегілеріндегі — Баба Яга; Еуропалық ертегілердегі — Зұлым мыстан (мысалы, "Гензель мен Гретель", "Ұйқыдағы ару"); Скандинав мифтеріндегі — ведьма (сиқыршы әйелдер). Бұл кейіпкерлер де балаларды ұрлайды, орманда тұрады, сиқыр қолданады, бірақ бір жағынан кейде білім мен күштің иесі ретінде көрінеді. Қазақ мәдениетіндегі рәміздік мәні Жалмауыз кемпір тек қорқыныш немесе зұлымдық емес, ол — табиғаттың тылсым күштері мен адамзат арасындағы байланысты бейнелейтін кейіпкер. Сондай-ақ бұл бейне: Балаларға ертегі арқылы тәрбиелік ықпал ету үшін (қауіпті тану, сақ болу); Әйел табиғатының екіжақты сипатын (аналық пен қаһар) көрсету үшін; Қоғамдық моральдық нормалар мен шекараларды ұғындыру үшін пайдаланылады.

Қазіргі балаларға арналған қазақ шығармаларында, әсіресе шағын жанрда мұны бейнелеудің рәміздік бейнесі кеңінен қолданылады. Фольклор мен мифтік ғажайыптарға апаратын шығармалардың бұл бейнені шынайы өмірдің шырғалаңына қосып жібергендей. Мәселен, кейінгі кезде терең ойымен, тың сюжеттерімен көрініп жүрген табанды жазушылардың бірі Заря Жұманованың әңгімелері ойымызға түрткі болар еді. Шығармалары бүгінгі оқырман қауымға өткеннің мұрасын жаңғырта бүгінгінің пікірімен санасатын дүниелерімен таныс. Қоғамдағы жаңару үдерісіне ұлтымыздың ұлылығын қоса жіктеп, сол төңіректе ой өрбітіп, ерекше нақышта жазады. Мәселен, "Ақбота" атты кітабында жасөспірімдердің өмірі мен армантілегін, білімге, білуге құштарлығын арттыруға арнағанын көруге болады. "Жалмауыз кемпір қайдан шықты?" әңгімесінде қазақ фольклорында кең тараған "Жалмауыз кемпір" туралы қызықты ақпараттармен сюжеттік желіні қыздыра түседі. Әңгіме философиялық категорияларды қамтитын белгілі форманың тұтастық принципіне сай өзгертілген. Оқиға желісі былай баяндалады:

"Ерте кезеңнен бері иен далада тек бір үй болыпты. Оның жанына тірі адам жоламайды екен. Себебі, бұл үй Жалмауыз кемпірдікі екен. Өзі жалғыз тұрыпты. Айналасындағы ел-жұрт бұған мойын бұрып та қарамапты. Содан дүниеге сәби келсе, мұны балақайдың шілдехана тойына шақырмайды. Әлгі сәбилер өсіп, енді тәй-тәй басқан шағында "тұсауын кесіп беріңіз" демек түгіл тұсаукесерге де шақырмайды. Ешбір сүндет тойға да қатысып көрген емес. Балалар үлкейіп, қалыңдық таңдағанда да Жалмауыз кемпірден бата сұраған тірі жан жоқ. Жападан жалғыз болған Жалмауыз кемпірдің қартайғаны ма, кім білсін, бұрындары қалай шыдаған ол да белгісіз. Әйтеуір, соңғы күндері жалғызсырап, көпке қосылғысы кеп жүргені. Өзі осылай елді зәрезап қылмағанда төрде отыратын жөні еді ғой. Қазы мен қартаны жейтін тісі де жоқ. Кезінде әп-әдемі тістерін өзі жұлып алған. Бұл оқиға дәл кешегідей ойында жаңғырып тұр. Ерназар деген байдың баласы Ертөстік алтын сақасын іздеп келген еді. Ал сол сәтте Жалмауыз кемпір Ертөстіктердің бұрынғы мекенінде жүрген. Бала ілтипатпен амандасып, жоғын сұрағанда қорқытып, жүрегін зырқ еткізген. Қашып бара жатқан жерінен тісін жұлып-жұлып, тұлпардың төрт аяғын жұлып алған ғой. Қорыққан бала бәйтерекке өрмелеп шыққанда, соңғы тісін жұлып, бәйтеректі қазған. Барлығы көз алдында.

Туылғанда зұлым, жаман болып, бірден Жалмауыз атын алған жоқ. Бәрі былай басталды: кішкентай кезінде ұйқыдан тұра сала қолын, бетін жумай дастарқанға отыратын еді. Анасы күшпен жуындырған кездері де болды. Су мен сабынды көрсе, шыңғырып жылап, қашып кететін. Атасы болса, "өзі-ақ өскенде жуынады, қазір жылатпашы" деп айтқан екен.

Өзімен жасты көршінің қыздарымен бірге ойнайтын болыпты. Күндіз бірге ойнап жүргенде олардың заттарын ұрлап кетіп жүріпті. Түнде риза болып көріп жатқан жерінен анасы талай ұрысып, бұлай жасауға болмайтынын ескерткен. Әжесі: "кішкентай ғой әлі, өскенде олай жасамайтын шығар" деп немересін ақтап алып отырыпты. Барлығынан сезіктеніп жүрген достары Жалмауызды ойынға қоспайтын болыпты. Содан соң бұл да қояр ма, олардың ойыншықтарын шашып, қуыршақтарының аяқтарын жұлып тастап, барлығын жылатып жүріпті. Жуынбағандықтан әрі өсіп кеткен шашы алба-жұлба болып жүрген тіндіктен ауыл сыртында мұны шайтанға ұқсатып қалады екен. Сосын балалар да "қара шайтан" деп мазақтап жүріпті. Жалмауыз кемпір ашуланып, барлығын қуа жөнеледі де, ұрады екен. Талай баланы жарақаттап та қойған. Сол балалардың ата-аналары келіп, ренжіп, ұрсып жүріпті. Тіпті ата-әжесі өз немерелерін қорғап, өзгелермен қырық пышақ болып қалады екен.

Осылайша адамдарды әбден мезі еткен Жалмауыздың отбасы ауылдан көшіп кетеді. Атасы мен әжесі қайтыс болады. Арада қайғы мен қорқыныштан қан жұтып, уайымнан шашы ағарған анасы да тіндіктен ауыл сыртында мұны шайтанға ұқсатып қалады екен. Сосын балалар да "қара шайтан" деп мазақтап жүріпті. Жалмауыз кемпір ашуланып, барлығын қуа жөнеледі де, ұрады екен. Талай баланы жарақаттап та қойған. Сол балалардың ата-аналары келіп, ренжіп, ұрсып жүріпті. Тіпті ата-әжесі өз немерелерін қорғап, өзгелермен қырық пышақ болып қалады екен.

Осылайша адамдарды әбден мезі еткен Жалмауыздың отбасы ауылдан көшіп кетеді. Атасы мен әжесі қайтыс болады. Арада қайғы мен қорқыныштан қан жұтып, уайымнан шашы ағарған анасы да мезгілінен ерте дүние салды. Жалмауыз әкесі түгіл өзіне қарайтындай емес еді: үстібасы өрім-өрім, кір-қожалақ, шаштары таралмаған, беті су көрмеген. Қолынан тамақ жасау да, үй жинау да, кір жуу да келмейді. Сондықтан әкесі екінші рет үйленеді. Өгей шешесіне әбден қорлық көрсетеді: нанына топырақ қосады, сиыр сауса, сүтіне қой құмалағын салады, ет асқанда қазанға құрбақа салып жіберген. Аяғы ауыр келіншегіне бірнәрсе жасап қоя ма деп қауіптенген әкесі Жалмауызды тастап, сол ауылдан көшіп кетеді. Бұл әкесін іздеп тауып, шөптерін өртеп, малдарының аяғын сындырып, балаларын құдыққа тастайды. Сол жердегілердің барлығы тас ұрып, итпен қуып жатып әрең дегенде құтылыпты.

Осы оқиғалардан соң біршама уақыт өтті. Көп қателік жасағанын кеш түсінген Жалмауыз кемпір өзге балаларға соны ескертейін, ақыл айтайын десе, оны ешкім тыңдамайды. Тым болмаса, қолына қалам алып жазып қалдырайын десе, бір әріпті білмейді. Ал балалар Жалмауыз кемпір жайлы жаман нәрселерді көп біледі, жамандығын айтатын ертегілерді талай оқыды.

Жалмауыз кемпір бейнесі — қазақ халық ертегілеріндегі терең философиялық және мифологиялық мазмұнға ие күрделі кейіпкер. Ол тек антагонист емес, сонымен қатар кейіпкердің ішкі жетілу жолындағы кедергі, яғни сынақ функциясын атқарады. Бұл образ фольклорда уақыт сынынан өткен архетип ретінде ұлттық сананың терең қабаттарында сақталған, әрі қазіргі әдебиеттану мен мәдениеттану тұрғысынан зерделеуге лайық.

Балауса ТҰРСЫМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 4-курс студенті.

САНАНЫ ТОРЛАҒАН ҒАЛАМТОР НЕМЕСЕ КІТАПҚА ҚҰЛЫҚСЫЗ ЖАСТАР

Сендердікі — өмір қоғам заман да,
Сен түзеген қалаң менен далаң да.
Барлығы да мұра болмақ әманда,
Болашақ деп аталатын адамға.

Мұқағали МАҚАТАЕВ

Шындығында да, кез келген мемлекеттің болашағы — жастар. Жас ұрпақтың өмір сүру әдебін қызығушылығы мен талпынысын, жетістіктері мен кемшіліктерін сараптай отырып, мемлекеттің болашағын болжауға болады. Дегенмен, біз қарастырған мәселе — жастарға зор пайдасы әрі көп зияны бар — "Әлеуметтік желі мәдениеті" жайлы болмақ. Әрине, ғаламтор торабын, әлеуметтік желілерді ауыздықтау мүмкін емес. Алайда, қоғамның дұрыс дамуы үшін жас ұрпақтың адами келбетіне, денсаулығына, ой-өрісіне келетін зиянды азайтуға да баса назар аударуымыз керек. Әлеуметтік желі үйдегі ас тұзы секілді, күнделікті қолданыста өте қажет, бірақ мөлшерден көп қолданса денсаулыққа зиян екені бәрімізге мәлім. Бір айырмашылығы — ас тұзын қолдану есебі, ережесі, мәдениеті жаңұямызда жақсы қалыптасқан. Ал әлеуметтік желіні қолдануда бізде есеп те, ереже де мәдениет те жоқтың қасы. Есеп пен ереже болмаған жерде мәдениет қайдан болсын?! Мүмкіншілігі мол, зияны зор ғаламды торда ұстап отырған ғаламтор әлеуметтік қоғамды ұлттық дамудан айырады. Сондықтан желі қолданушылары үшін әлеуметтік мәдениеттің біркелкі жолын жүйелеп қалыптастыру, оны қоғам санасына сіңіру жаһандану заманында жастарға жүктелетін маңызды миссия. Себебі, статистика мәліметтеріне сүйенетін болсақ, әлеуметтік желінің көп қолданушылары бұл — әрине, жастар. Ал жалпы әлем бойынша әлеуметтік желіні қолданушылар саны 50 миллионнан асады екен. Бұған дейінгі заманда сәйкесінше әлеуметтік желі болған жоқ. Қазіргі заман пайымында әлеуметтік желі мәдениеті мәселесін көтеру, шешу жолдарын ұсыну бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Әлеуметтік желі — бұл тек адамдарды бір-бірімен байланыстыратын құрал ғана емес, сонымен қатар дұрыс пайдалана білген адамға үлкен білім көзі десем, қателеспеген боламын. Ғаламтор пайдалы құрал екен деп ертелі-кеш оған бар уақытын арнаудың да кері жақтары бар. Бүгінде көпшілік заманауи ақпарат құралынсыз тіпті, бір күнін де елестете алмайды. Кез келген жерден компьютер не болмаса ұялы телефонға телмірген жасты да, жасамысты да көруге болады. Әрине, әлеуметтік желінің кері жақтары көп деп қолданбай кете алмайсың. Өйткені қазір цифрлық технологияларға негізделген қоғамда өмір сүріп жатырмыз, сондықтан ұялы телефон болсын, басқа да әлеуметтік желі сайттары болсын, біздің қажеттіліктерімізге жарап жатыр. Алайда, әркімнің өз қарышы бар дегендей таңның атысы, күннің батысы әлеуметтік желі мен түрлі электрон ойындардан бас алмай уақытын құрдымға кетіріп жүрген жастарды көргенде іштей қынжыласың. Міне, осындай жайттар болмауы үшін алдымен әлеуметтік желі мәдениетін әрбір жеке тұлға өз бойында қалыптастырса, бұл жүйелер біздің пайдамыз үшін ғана қызмет ететін еді. Осы алғышарттардың есесіне кітап оқу үрдісі кенжелеп бара жатыр, кітапханаларымыз бен кітап дүкендері жетім баланың күйін кешіп кетпеуі игі еді. Сөрелердегі сықиған кітаптарға қызығушылық танытатын адамды ілуде бір кездестіресің. Осыған қарап кітапты ғаламтор алмастырады уақыттың келгені ме дейсің? Кейде шынымен де, сананы ғаламтор торлап бара жатқан кітапқа құлықсыз қоғамның бір бөлшегіне айналып бара жатырмыз ба, деп ойлап қаласың.

XXI ғасыр жаһандану дәуірі. Жаһанданудың жақсы жағы да, жаман жағы бар. Жақсы жағы әлемнің көшінен қалыспай, алға жылжимыз, жаман жағы біздің ұлттық құндылықтарымыздың құлдырауына себепші болғаны. Осы орайда, Абай атамыздың:

Пайда ойлама ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық білім кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

Сол себепті, жастарды кітап оқуға тартудың жайын ойладық. Кітаптың құны түсіп кетті дегенге келіспеймін. Кітаптың құнын түсіріп жүрген өзіміз. Бірақ кітапты құнды дүние деп бағалап жата-жастана оқитын жастар жоқ деп айта алмаймыз. Алайда, әлеуметтік желі қазіргі уақытқа келіп заманның зәйіліне айналып үлгерді. Өйткені әрбір төрт адамның үшеуі әлбетте әлеуметтік желіден пайдаланады. Кей кезде жас бала былай тұрсын, ересек адамдардың көбісі ұялы телефоннан бас алмайды. Тіпті, айналада не болып жатқанымен де шатағы жоқ. Хакім Абай айтпақшы: "Тамағы тоқтық, көйлегі көктік аздырар адам баласын", — текке айтпаған. Бүгінгі ұрпақтың кітаптан алшақтап келуінің бір ұшығы осында жатыр. Соған орай, кітап оқуға бет бұрылып, кітапқұмарлар ұйымдары құрылуда. Баланы кітап оқуға баулу мәселесіне келсек, менінше, жеткіншектің табиғатына сай оның сұранысын өтейтін кітап қолына тию керек. Сол кезде баланың кітапқа болған ынтасы арта түседі. Қысқасы, біздің болашағымыз өскелең ұрпақ болмақ. Сондықтан жас ұрпақты білімді, парасатты, ұлтжанды етіп тәрбиелеу оларға жарық та нұрлы жолды көрсету міндетіміз.

Қорыта айтқанда, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні деп түйгеніміз, кез келген жеке тұлға өзінің күн тәртібіндегі әлеуметтік желінің рөлін пайымдап, зиянын зерделеп, оны мен жүйелі түрде айналысуы керек.

Аружан КАРИМОВА,
Низами атындағы ТМПУ-дың 1-курс студенті.

БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Бастауыш білім беру — бұл баланың интеллектуалдық және әлеуметтік дамуының бастапқы кезеңі, оның өміріндегі маңызды әрі негіз қалаушы кезең. Бұл кезеңде балалардың ойлау қабілеті, шығармашылығы, логикасы мен өзара қарым-қатынас орнату дағдылары қалыптасады.

Әрбір елдегі бастауыш білім беру жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар. Өзбекстан мен Жапонияның бастауыш білім беру жүйелері де өзара қызықты ұқсастық және айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Екі елдің де білім беру жүйесі заманауи талаптарға сәйкес қалыптасып, баланың жан-жақты дамуына жағдайлар жасайды.

Өзбекстанда бастауыш білім беру жүйесі мемлекеттегі маңызды басымдықтардың бірі. Білім саласындағы реформалар елімізде 1997 жылдан бастап қарқынды түрде жүргізілуде. Өзбекстанның "Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасы" мен "Білім туралы" заңына сәйкес, бастауыш білім беру 6-7 жастан басталады және ол міндетті әрі тегін болып табылады. Өзбекстанда мектеп оқулықтары мен оқу құралдары тегін беріледі, сондай-ақ қосымша білім беру орталықтары мен ерте дамытушы бағдарламалар да қолжетімді.

Соңғы жылдары елімізде білім сапасын арттыру мақсатында көптеген цифрлық білім платформалары енгізіліп, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Бастауыш білімнің негізгі мақсаты — балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жауапкершілік пен тәртіп дағдыларын қалыптастыру.

Өз кезегінде Жапонияның бастауыш білім беру жүйесі әлемдік тәжірибеде ерекше орын алады. Бұл елде бастауыш білім беру міндетті, тегін және жоғары деңгейде дамыған. Жапонияда бастауыш білім 6 жыл, бұл кезең 6-12 жас аралығын қамтиды. Жапонияның білім жүйесінде балаларға тек академиялық білім беріп қана қоймай, оларды тәртіпке, жауапкершілікке және ұжымдық рухта тәрбиелеуге баса назар аударылады. Мұғалімдер елде жоғары мәртебеге ие және олардың рөлі өте маңызды. Елдегі мектептерде балалар өз бетінше шешім қабылдауға, командалық жұмысты үйренуге және қоғамға пайдалы болуға бағытталған тәрбиені алады. Бұл тәрбиенің бір бөлігі ретінде, балалар мектеп ішін тазалау жұмыстарын өздері жүргізеді, бұл да олардың жауапкершілігін арттырады. Сондай-ақ, Жапония мектептерінде стандартты емтихандар болмайды, мұғалімдер оқушылардың дамуын және тәртібін бағалайды. Балаларға адалдық, сыйластық, жауапкершілік сияқты құндылықтар үйретіледі.

Өзбекстан мен Жапонияның бастауыш білім беру жүйесінде көптеген ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Екі елде де білім беру жүйесі 12 жылдық орта білім беру жүйесіне негізделген. Алайда, Өзбекстандағы бастауыш білім 4 жылды қамтитын болса, Жапонияда бұл кезең 6 жылға созылады. Жапонияның бастауыш білім беру жүйесінде балалардың әлеуметтік дамуына, ұжымдық жұмысқа және тәртіпке ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінде Өзбекстанда білім беру сапасын арттыру үшін көптеген реформалар жүргізілуде. Халықаралық тәжірибені, атап айтқанда, Жапонияның, Финляндияның, Сингапурдың тәжірибесін енгізу көзделген.

Әр елдің бастауыш білім беру жүйесі өзіне тән ерекшелікке ие. Өзбекстан мен Жапонияның білім беру жүйелерін салыстыра отырып, олардың оқушылардың жеке тұлғалық және әлеуметтік дамуына қалай әсер ететінін білуімізге болады.

Жалпы айтқанда, әлемнің ең үздік білім беру жүйелерін зерттеп, өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау маңызды. Болашақ мұғалімдері балалардың қабілетін ашуға, олардың тұлғалық ерекшеліктерін дамытуға бағытталған заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануы тиіс. Балаларға білім беру ғана емес, оларды жан-жақты дамыту, тәртіпке, жауапкершілікке баулу — бұл әрбір ұстаздың басты міндеті. Сонда ғана біз болашақ ұрпақтың білімді, тәрбиелі, қоғамға пайдалы азамат болып кемелденуіне үлес қоса аламыз.

Гүлбану ӨТЕГЕНОВА,
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті бастауыш білім бағытының студенті.

Нұрлы жол
Бақыт - достықта, ырыс - ынтымақта!

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июньде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санмен тіркелген. Офсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3686

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. "Нұрлы жолдың" материалдарын редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

Кезекші редактор: Әзиза АЙҚОЖАЕВА

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurlijol2022@umail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. "Науаи" көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табақ. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

"Шарқ" баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: "Буюк Турон" көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 426.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00
Тапсырылды: 21.30
1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurlijoluz https://t.me/nurlijol1991 https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738